

«Келісілді»
Атырау облысының
қорғаныс істер жөніндегі
департамент бастығы полковник
полковник __ Б. Акбалиев
«__» _____ жыл

«Бекітемін»
Атырау аймақтық дене
тәрбиесі және спортты
дамыту орталығының
директоры ____ С.Жекенов
«__» _____ жыл

«Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен 10-11 сынып
оқушыларының арасында облыстық «Жас сарбаз» әскери - спорттық
зияткерлік эстафетасының өткізу

ЕРЕЖЕСІ

1. Мақсаты мен міндеттері

1.Білім беру саласында алғашқы әскери дайындық пәні бойынша жаңа инновациялық технологияларын енгізу негізінде **"Болашаққа-білімді, дені сау ұрпақ"** ұранымен әскери-спорттық зияткерлік эстафетаны ұйымдастыру оқушылардың физикалық, антропометриялық, психологиялық, ақыл - ой дамуын жетілдіру үшін болып табылады.

2.Оқушылардың биологиялық, зияткерлік, эмоциялық, психологиялық денсаулығын нығайту және дамыту.

3.Оқушылардың физиологиялық дамуы. Дене бұлшық еттерін, ішкі ағзаларды, қанайналым жүйесін, тыныс алуды, визерлік және ми жадын, дененің координациясын, икемділігін, күшін нығайту және дамыту.

4.Педагогикалық тәрбие. Қоршаған ортаны сенсорлық қабылдау, сезімдерді дамыту: ұжымшылдық, патриотизм, жауапкершілік, өзін жеке тұлға ретінде сезіну, сыртқы шындыққа бейімделу, жалпы білім беретін пәндерді меңгеруде ақыл-ой дағдыларын дамыту.

2. Өтетін орны және мерзімі

Облыстық біріншілік 20__ жылдың __ __күндері Атырау қаласында «Атырау» спорт кешенінде өтеді. Мандаттық комиссия ағымдағы жылдың __ __күні сағат 15.00 – де Атырау аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығында өтеді. Мандаттық комиссияға қатыспаған команда жарысқа жіберілмейді.

3. Жарысқа қатысушылар

Команда құрамында әрбір сыныптан 3 – ұл, 3-қыз, барлығы 6 ұл+6 қыз және 1 өкіл, 1 жаттықтырушы болуы керек.

4. Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Әр командаға өз өкілдігін айқындайтын белгілер дайындау (қала, ауданның, команданың аты);
- Команда құрамы және жаттықтырушылар бірдей далалық әскери (камуфляж) формамен қатысуы тиіс;
- Барлық командалар өздерінің жанкүйерлік үндеуін (лозунг), жанкүйерлер тобын дайындау;
- Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:
 - 1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша облыстық біріншілікке қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;
 - 2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, оқу орны, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы дәрігер рұқсаты қолы және мөрімен расталған, қауіпсіздік ережесімен танысқаны, топ жетекшілерінің аты-жөні, қызмет орны, лауазымы, ұялы телефондары және фотосуреті бар білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан жеке анықтама);
 - 3) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
 - 4) ата-аналардың сенімхаттары.
 - 5) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;
 - 6) Әрбір команда дәріхана қорапшасын алып келуі тиіс.

Облыстық біріншілікке келетін күні мен уақытын, көлік түрі туралы мәліметті ААДТжСДО-ның мына телефондары мен пошта мекен-жайына : 8(7122)27-24-09 060011, Атырау қаласы, Әйтеке, 22, e-mail: kabinet nvr –ға хабарлайды.

Облыстық біріншілікке қатысатын топтардың шығындары, Атырау қаласына дейін және қайту жолақылары, тамақтану және жататын орнының шығындары жіберуші мекеме тарапынан қамтамасыз етілсін.


5. Бағдарламасы

10-сыныптан 1 ұл +1 қыз жарысады.

Әскери-спорттық - жарысқа қатысушы ұл бала «Лабиринт» кедергісінен жүгіре өтіп, АК-74 автоматының оқжатарына оқу оқтарын жинайды.

Зияткерлік –компьютердің сұрақтарына жауап береді ;

Әскери –спорттық - зияткерлік тапсырманы орындаған соң, АК-74 оқжатарындағы оқтарды кері шашады, әскери - спорттық тапсырманы қайталап, яғни «Лабиринт» кедергісінен жүгіре өтіп, эстафетаны қыз балаға тапсырады.



(ескерту: кедергілер түрі жоғарыдан, ұзындығы – 100 см, биіктігі – 100 см, кедергілер арасындағы ара қашықтығы 2 метр)

(1 ұл +1 қыз)

Әскери – спорттық - гимнастикалық матыға дейін жүгіріп барып, баспен алға қарай домалап, содан кейін ағаш аттан (козелдан) секіреді де, гимнастикалық матыда баспен алға қарай домалап, компьютерге дейін жүгіріп барады;

Зияткерлік-компьютер сұрағына жауап береді;

Әскери - спорттық-зияткерлік тапсырманы орындағаннан кейін әскери-спорттық тапсырманы кері ретпен орындайды, өз командасына дейін жүгіреді, эстафетаны қыз балаға береді.

(1 ұл +1 қыз)

Әскери – спорттық - қатысушы, көрсетілген тәртіппен орналасқан "бөшкелер" (кочки) кедергілеріне жеткен кезде, кезекпен оларға аяқпен баса отырып, компьютерге дейін жүгіріп, жетеді;


Зияткерлік-компьютер сұрағына жауап береді;

Әскери – спорттық - "жалпыәскери қорғаныш толымын плащ түрінде және газқағарды кию" жаттығуын (ОЗК) орындайды да, әскери-спорттық тапсырманы кері ретпен орындайды, өз командасына дейін жүгіре жетіп, ЖӘҚТ шешіп, эстафетаны қыз балаға береді.

Қыз бала «Бөшке» (кочки) көрсетілген тәртіппен орналасқан "бөшкелер" (кочки) кедергілеріне жеткен кезде, кезекпен оларға аяқпен баса отырып, компьютерге дейін жүгіріп, жетеді;

Зияткерлік-компьютер сұрағына жауап береді;

Әскери – спорттық - «Газқайтартқышты киіп», әскери-спорттық тапсырманы кері ретпен орындайды, өз командасына дейін жүгіре жетіп, мәреге жетеді.




(ескерту: кедергіден өту сол аяқтан басталады, жоғардан көрсетілген түрі, диаметрі - 20 см.)

11 сынып
(1 ұл + 1 қыз)

Әскери – спорттық қатысушы "дауыл" (бурелом) кедергісіне жетеді, қоршаудың астымен өтіп, орнынан тұрып, келесісінен аттап, әрі қарай осындай кезекте орындап, АК-74 автоматын толық емес бөлшектеуді жасап, компьютерге дейін жүгіреді;

Зияткерлік-компьютер сұрағына жауап береді;

Әскери – спорттық-АК-74 автоматын құрастырады және әскери-спорттық тапсырманы кері ретпен орындайды, өз командасына дейін жүгіріп, эстафетаны қызға береді.



(ескерту: жанынан көрсетілген түрі, шағын кедергі биіктігі – 50 см, үлкен кедергі – 100 см, ұзындығы – 100 см, кедергілер арасындағы қашықтық 2 метр)

(1 ұл + 1 қыз)

Әскери-спорттық – жасөспірім «қару-арқаға» күйінде кедергіге дейін жетеді де, АК-74 қаруын оң қолымен антабканың жоғарғы белдігінен ұстап тұрып, қоршаудың астынан өтіп, орнынан тұрып, автоматты «қару-арқаға» күйіне ауыстырады да, газқайтарғышты киіп, компьютерге дейін жетеді;

Зияткерлік-компьютер сұрағына жауап береді;

Әскери-спорттық-зияткерлік тапсырманы орындағаннан кейін газқайтарғышты шешіп, әскери-спорттық тапсырманы кері ретпен орындайды, эстафетаны қызға жолдайды.



(ескерту: жанынан көрсетілген түрі, кедергі биіктігі – 50 см, ұзындығы-100 см.)

(5 жасөспірім +1 қыз)

Зияткерлік – кедергілерден секіру арқылы компьютерге жетіп, сұраққа жауап береді және брезент зембілдің қасына шартты жаралы кейіпте отырады;

Жасөспірім төрешінің рұқсатымен көмекшілерімен мәреден кедергілерден секіре өтіп, компьютерге жетеді, сұраққа жауап береді;

Әскери-спорттық-алғашқы медициналық көмек көрсетеді (қан кетуді тоқтату және шынтак буынынан жоғары сол қолға таңғыш салу), жаралыны зембілге жатқызып, мәреге қарай жүгіреді.



(Командалық)

Команда бір лекпен (колонна) сол қолдары алдында тұрғанның иығына қойылып қару кезекпен оңға және солға күйде, «Лабиринт» кедергісінен жүгіріп, кеглиді айналып, өтіп, жүгіріп өтеді, кегльдерді жүгіріп өтеді де, әскери-спорттық тапсырманы кері ретпен орындайды.

Ескерту: жарысқа 10-11 сыныптардың 12 оқушысы қатысады (10 сынып-3 ер балалар+3 қыз, 11 сынып-3 ер балалар+3 қыз). Эстафетаның бірінші кезеңінде қатысушылар домалау жаттығуын жасағанда қаруды қолға алатын кезеңнен басқа барлық кезеңдерде АК-74 ММГ ағаш макетімен «арқаға» күйінде болады. Әрбір команданың қолдау тобы болуы тиіс.

6.Әскери-зияткерлік эстафета ойын ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдық ҰПАЙ есептеледі

1.

Зияткерлік - әскери эстафета 10 балдық шкала бойынша бағаланады, ойында әрбір қате үшін 1 баллдан алынады.

2.

Әрбір команданың бірыңғай әскери формасы болуы тиіс. Эстафета кезінде команданың жанында өтініште көрсетілген 1 өкіл және 1 жаттықтырушы далалық әскери киім үлгісінде болуы міндетті, ережені бұзғаны үшін ойын алаңынан шығарылады. Команда өкілі команда атауымен штандартты ұстап тұрады. Осы шарттарды сақтамағаны үшін командадан 1 балл алынады.

3.

Шағымдарды команда өкілі жазбаша түрде осы команданың ойыны аяқталғаннан кейін 15 минут ішінде бере алады.

4.

Спорт алаңына шығуы және төрешілер бригадасына команданың ресми өкілінен басқа бөгде адамдардың жүгінуіне тыйым салынады, әрбір осындай шартты бұзушылық үшін 1 балл алынады.

5.

Команданың әрбір қатысушысының сақтандыру полисі болуы тиіс. Полис болмаған жағдайда қатысушы ойынға жіберілмейді.

6.

Эстафетаны бір-біріне тапсыру мәре сызығында қол беру арқылы жалғасады, шартты бұзғаны үшін 1 бал алынады

7.

Жарысқа 10-11 сынып оқушылары және колледждің 1-2 курс студенттері қатысады.

8. АК-74 толық емес бөлшектеу және жинау

"АК-74 толық емес бөлшектеу" нормативін орындау тәртібі. Қару үстел үстінде жатады:

- Оқжатарды бөлектеу;
- Оқтықта оқтың бар-жоғы тексеріледі;
- Жабдықтар пеналын дүм ұясынан шығару;
- Сүмбіні алу;
- Автоматтан - ұңғылық тежеуіш-компенсаторын бөліп алу;
- Ұңғы қорапшасының қақпағын бөлектеу;
- Қайтармалы механизмді бөліп алу;
- Бекітпемен қоса, бекітпе жақтауын алу;
- Бекітпені бекітпе жақтауынан алу;
- Ұңғылық бастырмасымен газ түтігін босатып алу.

"Толық емес бөлшектенгеннен кейін қаруды жинау тәртібі" нормативін орындау тәртібі. Қару үстел үстінде жиналады:

- Газ түтікшесін ұңғы бастырмасымен қосу;
- Бекітпені бекітпе жақтауына қосу;
- Бекітпемен қоса бекітпе жақтауын ұңғы қорабына қосу;
- Қайтармалы механизмді қосу;
- Ұңғы қорабының қақпағын қосу;
- Шүріппені ұрыстың қайырмасынан босатып, сақтандырғышқа қою;
- Автоматқа ұңғылы тежеуіш-компенсаторды қосу;
- Сүмбіні қосу;
- Пеналды дүм ұясына салу;
- Оқжатарды автоматқа қосу.

НОРМАТИВТІ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА РЕТТІЛІГІН БҰЗҒАН КОМАНДАНЫҢ УАҚЫТҚА СӘЙКЕС ҰПАЙЫ ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ.

9. Жалпы әскери қорғаныс толымын плащ түрінде және газқағарды кию

ЖӘҚТ кию тәсілдері:

- плащты жеңге кигізу керек;
- қорғаныш шұлығын кию керек;
- екі үстіңгі ұстағышты қалдырып, плащ өңірін қадау керек;
- газтұмылдырық кию керек;

-плащтың қалған ұстағыштарын қадау керек;

- қорғаныш қолғабын кию керек;

**НОРМАТИВТІ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА РЕТТІЛІГІН БҰЗҒАН
КОМАНДАНЫҢ УАҚЫТҚА СӘЙКЕС ҰПАЙЫ ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ.**

7.Төрешілер алқасының жұмысы

Төрешілер алқасын бас төреші, хатшы және төрешілер бригадасының мүшелері құрайды. Төрешілер бригадасы келесі қызметтерді орындайды:

- 1) Облыстық біріншіліктің жарыстарына қатысқан әр команданы бағалайды;
- 2) жеңімпаздарды анықтайды;
- 3) жарыстың қорытындысын шығарады;
- 4) даулы сұрақтарды шешеді.

- төрешілер алқасы өз құзыретіне жататын жарыстарды өткізу шарттары бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы;

- төрешілер алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді және оған бас төреші қол қояды.

Бас төрешіге наразылық білдіру және сайыстағы командалар қойылымдарының нәтижелеріне байланысты мәселелерді анықтау үшін төрешілерге өтініштер беру тәртібі Облыстық біріншіліктің ашылуындағы команда жетекшілерінің бірінші отырысында хабарлайды.

Жарыстарды өткізу кезінде (нұсқау мен жеребе тастау басталғаннан бастап хаттамаларды өңдеу аяқталғанға дейін) команда басшыларына **тыйым салынады:**

- 1) төрешілер жұмысына кедергі келтіруге;
- 2) егер төрешілердің өтініші болмаса, өз командасына көмектесуге;
- 3) егер бұл алдын ала ескертілмесе, жарыс аймағында болуға;;
- 4) әскери-патриоттық клуб мүшелері болып табылмайтын қатысушыларды қатыстыруға болмайды.

Төрешілер аталған бұзушылықтардың ең болмағанда бірін тіркеген жағдайда команданың нәтижесі есептелмейді және сол жарыста соңғы орынға ие болады.

8.Марапаттау

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дипломдарымен және медальдарымен, марапатталады.

9.Қаржыландыру

Жарысты өткізуге байланысты шығындар (марапаттау, көрнекілік, лозунг, төрешілер алқасы, дәрігер төлемі) Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының есебінен. Жарысқа қатысушы

командалардың іссапар шығындарымен (жол ақысы, жататын орны, тамақтануы) қамтамасыз ету жарысқа жіберуші мекеме есебінен.

Ұйымдастыру алқасы

Байланыс телефоны: 8/7122/27-24-09

«Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен 10-11 сынып оқушылары арасында облыстық «Жас сарбаз» әскери - спорттық зияткерлік эстафетасына қатысуға

ӨТІНІШ

Білім беру ұйымы _____
(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы _____

Команда жетекшісі _____
(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)


Қатысушылар тізімі

№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығымен)	Туған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Оқу орны. Байланыс телефоны	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

«Болашаққа – білімді, дені сау ұрпақ» ұранымен 10-11 сынып оқушылары арасында облыстық «Жас сарбаз» әскери - спорттық зияткерлік эстафетасына қатысушының

ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ



(3x4)
фото

Спорт түрі _____

М.О.

(Мектептің мөрі бұрышына басылады)

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры _____

(Т.А.Ә. қолы)

